



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Төтенше жағдай кезеңінде ҚР Ұлттық Банкіне есеп ұсыну туралы

2022 жыл, 11 қаңтар

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (ҚРҰБ) **валюталық заңнамаға сәйкес** тапсырылатын есеп ұсыну мерзімінің ұзартылғанын хабарлайды. Респонденттердің ҚРҰБ өңірлік филиалдарына 2022 жылғы 20 қаңтарға дейін тапсыратын есептері үшін ұсыну мерзімі осы жылдың **25 қаңтарына дейін ұзартылды (қоса алғанда)**.

Тапсыру мерзімін ұзарту келесі (мына) есептерге қатысты:

- ҚР-да валюталық операцияларға мониторинг жүргізу қағидаларына 3-6-қосымшалар (ҚРҰБ Басқармасының 2019 жылғы 10 сәуірдегі №64 қаулысы);
- ҚР-да қызметін жүзеге асыратын шетелдік қаржылық емес ұйым филиалдарының (өкілдіктерінің) ақпарат беру қағидаларына 3-4-қосымшалар (ҚРҰБ Басқармасының 2019 жылғы 30 наурыздағы №41 қаулысы);
- ҚР-да экспорттық-импорттық валюталық бақылауды жүзеге асыру қағидаларына 15-қосымша (ҚРҰБ Басқармасының 2019 жылғы 30 наурыздағы №42 қаулысы).

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы ала алады:

+7 (7172) 77 52 10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz